АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИСАТАЙ АУДАНЫНЫҢ
ТҰЩЫҚҰДЫҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІ

АКИМ ТУЩЫКУДУКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИСАТАЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**ӨКІМ** **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

*6 мамыр 2021 ж* № *20*

Тұщықұдық ауылы село Тущыкудук

**Тұщықұдық ауылына шағын сәулет формасын дайындау және орнату жұмыстарын жүргізуге конкурстық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес:

1.Тұщықұдық ауылына шағын сәулет формасын дайындау және орнату жұмыстарына ашық конкурс өткізу үшін төмендегі құрамда конкурстық комиссия құрылсын:

Қинешов Қанатжан Серіккалиұлы -ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы, комиссия төрағасы;

Муханов Еркін Қилапұлы -бөлімше басшысы, комиссия мүшесі;

Каримова Тогжан Капизуллақызы-бас маман, комиссия мүшесі;

Мұратова Әсел Шапқатқызы-бас маман, комиссия хатшысы

2.Конкурстық комиссияға мемлекеттік сатып алудың ашық конкурс тәсілін пайдалануды тапсырамын.

3.Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4.Округ әкімінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі №15 «Тұщықұдық ауылына шағын сәулет формасын дайындау және орнату жұмыстарын жүргізуге конкурстық комиссия құру туралы» өкімінің күші жойылсын.

5.Осы өкім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы** **К.Кинешов**